

Оқушылардың үлгерім табельдерін тексеру қорытындылары бойынша АНЫҚТАМА

Мектепіншілік бақылау жоспарына сәйкес оқушылардың үлгерім табельдерін жүргізу және сақтау жағдайына тексеру жүргізілді.

Тексерудің мақсаты:

үлгерім табельдерінің болуы, дұрыс рәсімделуі, сақтау тәртібінің сақталуы және ата-аналардың (занды өкілдердің) таныстырылуын бағалау.

Тексеру нәтижелері

2024–2025 оқу жылындағы үлгерім табельдері мектептің барлық білім алушылары бойынша бар. Барлық табельдер білім алушылардың жеке істерінде сақталады және іс жүргізу талаптарына сәйкес рәсімделген. Ата-аналар (занды өкілдер) үлгерім табельдерімен таныстырылған, танысу фактісі қолтаңбалардың болуымен расталады.

Үлгерім табельдері әр тоқсан қорытындысы бойынша **BilimClass** ақпараттық жүйесінде автоматты түрде қалыптастырылады. Табельдерді басып шығару оқу жылының соңында бір рет жүзеге асырылады және білім алушылардың жеке істеріне тігіледі. Білім алушы мектептен шыққан жағдайда, сынып жетекшісі **BilimClass** жүйесінен үлгерім табелін басып шығарып, оны жеке ісіне тігеді.

Үлгерім табельдерінің нөмірленуі жүйелі түрде жүргізіледі. Нөмірлеу белгілері барлық алдыңғы оқу жылдары бойынша қойылған, нөмірлеуде бұзушылықтар анықталған жоқ.

Қорытынды

2024–2025 оқу жылындағы үлгерім табельдерін жүргізу, рәсімдеу және сақтау жағдайы қанағаттанарлық деп бағаланады. Табельдердің болуы, қалыптастырылуы, сақталуы және ата-аналарды таныстыру талаптары толық көлемде сақталған. Тексеру барысында ескертулер анықталған жоқ.

Ұсынымдар

1. Оқу нәтижелерін есепке алудың тиімді әрі ыңғайлы нысаны ретінде **BilimClass** жүйесінде үлгерім табельдерін автоматты түрде қалыптастыру тәжірибесін жалғастыру.
2. Үлгерім табельдерін оқу жылының соңында және білім алушы мектептен шыққан жағдайда басып шығару тәртібін сақтау.
3. Сынып жетекшілеріне ата-аналарды (занды өкілдерді) үлгерім табельдерімен уақтылы таныстыруды және қолтаңбалардың болуын бақылауды жалғастыру.

Оқу ісі жөніндегі орынбасарының м.а. *Д.М. Жунусова* Д.М. Жунусова